Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Сарат ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналыс

ХАТТАМАСЫ

Сарат ауылы 27 ақпан 2026 жыл

Қатысқандар саны – 7 адам

Шақырылған: ауылдық ардагерлер және жергілікті қоғамдық кеңес мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Сарат ауылдық округі Сарат ауылдық округі әкімдігінің балансында тұрған автокөлікке техникалық қызмет көрсету жөнінде.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Сарат ауылдық округі әкімі Рахметолла Нахиулы Жеткергенов хабарлама жасады.

Құрметті ауылдастар! Сарат ауылдық округі әкімдігінің баласында тұрған қызметтік автокөліктің техникалық жағдайы туралы. Автокөліктің пайдалану мерзімінің ұзақтығына байланысты ескіргені, жиі істен шығуы және қазіргі уақытта толыққанды пайдалануға жарамсыз күйге түсе бастады. Осыған байланысты автокөлікке жоспардан тыс жөндеу және техникалық қызмет көрсету қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар техникалық қызмет көрсетуге 3 (үш) мердігер бағалық ұсыным беріп тұр. Үшеудің біреуі Ақтөбе қаласынан, екеуі Т.Жүргенов ауылынан. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII Заңына сәйкес 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен келісім-шарт жіберу мүмкіндік болуына байланысты қажет деп ойлаймын

ШЫҒЫП СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Кисиков Мырзабек - ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы –Әкімдік балансындағы қызметтік автокөліктің пайдалану мерзімі ұзақ, автокөлік физикалық тұрғыдан ескіріп, жиі істен шығады.

Жұмабек Сатқарбек – жергілікті қоғамдық кеңес төрағасы –Автокөліктің техникалық жағдайы талапқа сай келмейді, әсіресе ұзақ қашықтыққа қатынау кезінде қауіпсіздік мәселелері туындайды. Осыған байланысты автокөлікке жоспардан тыс жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу қажет.

Сарат ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ.**

1. Күн тәртібіндегі хабарламаны еске алып Сарат ауылдық округі әкімдігінің балансында тұрған автокөлікке техникалық қызмет көрсету үшін бір көзден сатып алу мақұлдансын.

Жиналыс төрағасы **Жұмабек Сатқарбек Таңатбекұлы**

Хатшысы **Айдарханова Арайлым Умирбекқызы**